«ВООТСАМР» – ЗАҢДЫ БІЛ, ҚҰҚЫҒЫҢДЫ ҚОРҒА!

АҚТАУДА «ЖАС ЗАҢ ЕЛШІЛЕРІ» БАСТАМАСЫ АЯСЫНДА ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЕКІ КҮНДІК ВООТСАМР ОҚЫТУ КУРСЫ БАСТАЛДЫ.



BootCamp-тың алғашқы күні «Заңды білу және жауапкершілік» тақырыбына арналды. Қатысушылар Конституцияның негізгі қағидаттарын, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін талқылап, алаяқтық, кибербуллинг, еңбек құқықтары және қоғамдық тәртіпке қатысты өмірлік жағдаяттарды талдады.



Маңғыстау облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы Дәулет Белектің айтуынша, бағдарламаның мақсаты – жастардың құқықтық білімін тереңдету, заңға құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыру және құқықтық ақпаратты түсіндіру дағдыларын дамыту.

– Бүгінгі бағдарламаға 50 жас қатысып отыр. Олар түрлі бағыт бойынша құқықтық білімдерін арттырып, алған тәжірибелерін болашақта өз аудиториясына жеткізеді. Сонымен қатар алған білімдерін өзгелерге түсінікті тілмен жеткізу, аудиториямен жұмыс істеу және құқықтық тақырыптарда тренинг өткізу дағдыларын меңгереді, – деді Дәулет Белек.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ



ЖАПОНИЯДАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

МАҢҒЫСТАУЛЫҚ СПОРТШЫЛАР ПАРАВОЛЕЙБОЛДАН АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ.

Жапонияда өткен Азия ойындарында параволейболдан Қазақстан құрамасы күміс жүлдеге ие болды. Ұлттық құрама сапында маңғыстаулық аға жаттықтырушы Құралбек Сейідов пен спортшы Ерболат Алтаев өнер көрсетті.

Жарыстан оралған спортшыларды Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары Ербол Ізбергенов пен Ақтау қаласының әкімі Мақсат Мұқаш салтанатты түрде қарсы алды. Дүбірлі додада ел мерейін көтерген саңлақтарға алдағы күндерге сәттілік тіледі.

Қазақстан құрамасының халықаралық додада жүлделі орынға ие болуы – спортшылар мен жаттықтырушылардың қажырлы еңбегі мен табандылығының нәтижесі.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Жобалардың атаулары: «Елемес Солтүстік-Батыс кенорны үшін 2027–2029 жылдарға арналған атмосфераға ластаушы заттар эмиссияларының нормативтері (жол берілетін шығарындылар нормативтері) жобасы»;«Елемес Солтүстік-Батыс кенорны үшін 2027–2029 жылдарға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы»;

«Елемес Солтүстік-Батыс кенорны үшін 2027–2029 жылдарға арналған экологиялық бақылау бағдарламасы»;«Елемес Солтүстік-Батыс кенорны үшін 2027–2029 жылдарға арналған табиғат қорғау іс-шараларының жоспары»; «Елемес Солтүстік-Батыс кенорнындағы стационарлық шығарындылар көздерін түгендеу жобасы».

«Елемес Оңтүстік кенорны үшін 2027–2029 жылдарға арналған атмосфераға ластаушы заттар эмиссияларының нормативтері (жол берілетін шығарындылар нормативтері) жобасы»; «Елемес Оңтүстік кенорны үшін 2027–2029 жылдарға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы»; «Елемес Оңтүстік кен орны үшін 2027–2029 жылдарға арналған экологиялық бақылау бағдарламасы»; «Елемес Оңтүстік кенорны үшін 2027–2029 жылдарға арналған табиғат қорғау іс-шараларының жоспары»; «Елемес Оңтүстік кенорнындағы стационарлық шығарындылар көздерін түгендеу жобасы»; «Елемес Оңтүстік кенорнындағы № 815, 819 мұнай ұңғымаларын бұрғылаудан кейін жайластыру» жұмыс жобасына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны: 2026 жылғы 3 желтоқсан, сағат 16:30-да, Маңғыстау облысы, Боранқұл ауылы, мәдениет үйінде өтеді.

Тыңдаулар өткізілетін орынның географиялық координаттары: 46.208008, 54.469042.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Елемес Солтүстік-Батыс: 46.034722, 54.002222; Елемес Оңтүстік: 46.011197, 54.065467.

Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері: «Absolute Oil Ltd» жеке компаниясы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 37-үй, 29-пәтер.БСН: 240940900632. Эколог – Ж.Екибаева Тел.: +7 (701) 999 2484. Электрондық пошта: ZhEkibayeva@absoil.kz.

Әзірлеушінің атауы және байланыс деректері: ЖК Арустамова, БСН: 130440003976, 14-шағынаудан, 22-үй, Е.Арустамова Тел.: +7 (701) 367 8071.Электрондық пошта: a.ekaterina14@mail.ru. «BM Engenee ring» ЖШС, Маңғыстау облысы, Ақтау қ., индекс: 130000 28ш/а, 49-үй, 56-кеңсе, БИН: 050 840 006 859 почта: make-t@mail.ru

Онлайн қосылу сілтемесі: https://us04web.zoom.us/launch/jc/79172180868

Конференция идентификаторы: 791 7218 0868. Кіру коды: 4uGRc4

Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Жобалардың экологиялық сараптамасы бөлімінің бас маманы – С.Базарбай Электрондық пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz.Тел.: +7 (7292) 43-10-88; +7 (778) 113-9897.

Жобалар бойынша құжаттама https://ndbecology.gov.kz порталында орналастырылған және **https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/** интернет-ресурста

Ескертулер мен ұсыныстар s.bazarbay@mangystau.gov.kz электрондық поштасы және **https://ndbecology.gov.kz**

№9537

"МАҢҒЫСТАУ МЕДИА" ЖШС
ЖАРНАМА БӨЛІМІ
8 7292 20 48 42 | жұмыс уақытында
8 778 145 90 93 | тәулік бойы қосулы
MAŃǴYSTAÝ MEDIA

31.03.2022 ж. **Н. М. Сарсенбаеваның** атына берілген №183 сату-сатып алу шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

№9536

БАСПАСӨЗ-2026
«МАҢҒЫСТАУ»
газетіне жазылу науқаны жүріп жатыр





«Халық» және «Каспий» қосымшасы арқылы онлайн жазылуға болады

Туған өлкеңіздің үнін жеткізетін – «Маңғыстау» газеті!

«МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ

Жазылу түрлері	Редакция арқылы жазылу бағасы	«Қазпошта» АҚ арқылы жазылу бағасы	Индекс
Заңды тұлғалар үшін он екі айға	18 000, 00 теңге	29 277,96 теңге	15492
Жеке тұлғалар үшін он екі айға	9000, 00 теңге	14 230,08 теңге	65492

